

Т. Хамит , Ш. Керім , Т. Имамәди\* 

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қ., Қазақстан

\*e-mail: m.yusufhan@gmail.com

## ҚАЗАҚТЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ЗАҢДАРЫНДАҒЫ НЕКЕ КЕЛІСІМШАРТЫ ЖӘНЕ ДІНИ НОРМАЛАРДЫҢ КӨРІНІС ТАБУЫ

Мақалада дәстүрлі қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып заңдарындағы отбасы мен неке құру мәселелері, сондай-ақ діни нормалардың әсер ету факторы зерттеледі. Некенің мәні мен мақсатын әдет-ғұрып заңдары және мұсылмандық құқық тұрғысынан қарастырады. Неке қиюдың қазақ арасындағы ерекшелігі мен салт-жоралары, шариғат заңдарымен салыстыра отырып әсер ету деңгейі көрсетіледі. Неке келісімінің құрылу шарттары, жарамдылық шарттары, күшіне ену және заңдық салдары болу шарттары және қосымша шарттардың құқықтық қырлары талданады. Неке келісімшартындағы ата-ана мен өкілетті тұлғалардың рөліне салыстырмалы талдау жасалады. Қазіргі қоғамдық, тіптен тұтас адамзаттық деңгейдегі аса өзекті мәселелердің бірі осы неке және отбасын құру мәселесі болып отыр. Осы институттың тұрақты әрі өз қызметін толық атқаруы тараптардың неке келісімшартының мәні мен маңыздылығын, салмағы мен жауапкершілігін сезінуімен тікелей байланысты. Отбасы институтының тұрақтылығы қоғамның, мемлекеттің тұрақтылығы мен ұрпақ болашағы екені анық. Мүліктік және мүліктік емес өзара құқылар, заңдық нормалармен реттеле бермейтін өзге құрмет пен адамгершілікке көбірек сүйенетін бұл институттың қызметін жандандыру мәселесі дамыған елдер үшін де, дамушы елдер үшін де ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Осыған орай, дәстүрлі қазақ қоғамындағы және діни нормалардағы өз белсенділігі мен құнын жоймайтын ұстанымдары бүгінгі отбасы мәселелері мен заңдық нормалардың сақталуына көмекші рөл атқарады деп есептейміз.

**Түйін сөздер:** дәстүр, әдет-ғұрып, шариғат, отбасы, неке.

T. Hamit, Sh. Kerim, T. Imammadi\*

Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan

\*e-mail: m.yusufhan@gmail.com

### The Emergence of Marriage Contracts and Religious Norms within Kazakh Customary Law

This article examines family and marriage formation within the customary laws of traditional Kazakh society and the influence of religious norms. It analyzes the meaning and purpose of marriage from the perspectives of customary law and Islamic law (Sharia). The article details Kazakh marriage customs and characteristics, comparing their influence with that of Sharia law. It further analyzes the conditions for concluding a marriage agreement, including validity, entry into force, legal consequences, and the legal aspects of ancillary contracts. A comparative analysis of the roles of parents and authorized persons in the marriage contract is also provided. The article argues that the enduring importance of marriage and family formation – a crucial issue for contemporary society – rests on the parties' understanding of the significance and responsibility inherent in marital commitment. It asserts that the family's stability is directly linked to the stability of society, the state, and future generations. While revitalizing family values – particularly those based on mutual respect and humanity that extend beyond legal regulations – remains a critical challenge for both developed and developing nations, the article suggests that understanding traditional Kazakh practices and religious norms can contribute to addressing contemporary family and legal issues.

**Key words:** tradition, customs, sharia, family, marriage.

Т. Хамит, Ш. Керим, Т. Имаммади\*

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, г. Алматы, Казахстан

\*e-mail: m.yusufhan@gmail.com

### **Интеграция брачных договоров и религиозных норм в казахские обычные правовые традиции**

Статья посвящена анализу формирования семьи и брака в традиционном казахском обществе, рассматривая влияние обычного права и религиозных (мусульманских) норм. Исследуются смысл и цель брака с позиций как обычного, так и шариатского права. Анализируются особенности и традиции заключения брака у казахов, сравнивается их роль с нормами шариата. Рассматриваются условия заключения, действительности и вступления в силу брачного договора, а также правовые последствия и аспекты дополнительных соглашений. Проводится сравнительный анализ роли родителей и доверенных лиц в брачном договоре. Актуальность исследования обусловлена проблемой стабильности института семьи как в современном обществе, так и в масштабах человечества. Стабильность семьи напрямую связана с осознанием сторонами значения и ответственности, вытекающих из брачного договора. Устойчивость семейного института – залог стабильности общества, государства и будущего поколения. Однако вопрос активизации деятельности этого института, основанной на имущественных и неимущественных взаимных правах, уважении и гуманности, вне зависимости от правового регулирования, недостаточно изучен как в развитых, так и в нашей стране. В связи с этим, изучение традиционных казахских обычаев и религиозных норм представляется важным для укрепления семьи и сохранения правовых основ семейных отношений в современном обществе.

**Ключевые слова:** традиция, обычай, шариат, семья, свадьба.

#### **Кіріспе**

Неке қарым-қатынасы ол адамның болмысымен тікелей байланысты. Өмір сүру салты өзгергенімен отбасы институтының атқаратын қызметі мен қоғамдағы рөлі ешқашан ескірмек емес. Дәстүрлі мәдениетіміз бен құқық тарихымызда өзіндік орны бар мұсылмандық отбасылық заңдылықтардың да қазақ халқы үшін ескірмейтін әрі ескерусіз қалмайтын құнды жақтары бар. Қазақстан Республикасының неке және отбасы туралы заңында да көрсетілгендей, ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді туғызатын, отбасын құру мақсатында Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімімен жасалған еркек пен әйел арасындағы тең құқықты одақ неке деп аталады (ҚР НК 1-бап, 26-тармақ). Демек некелік қарым-қатынас түрлі міндеттер мен жауапкершіліктерді тудыратын екі жақты келісімшарт деуге болады. Заңдық тұрғыдан ешқандай күші болмаса да қазірге дейін дәстүрлі қазақ қоғамына тиесілі немесе мұсылмандық қоғамның құндылықтарын бүгінге дейін халық арасында қолданыста болып келе жатыр. Бұл өз кезегінде құқықтық мемлекетті нығайту үшін, қоғамның тұрақтылығы мен тәртібін сақтау үшін көмекші рөл атқарып келе жатқандығын көреміз. Осы орайда дін ұстанушылар мен дәстүрлі құндылықтарды сақтағысы келетін қауым

үшін, дәстүрлі қоғам мен мұсылмандық құқықтағы ережелерді зерттеп, бағыт-бағдар мен тың ойлар ұсына білу үшін қазақтың әдет-ғұрып заңдарындағы неке қарым-қатынасы мен діннің оған әсері туралы ғылыми баға беру аса маңызды.

Кейбір мәселелерде жазылмаған заңдылықтар мен имани құндылықтарды сақтау арқылы дін мен дәстүр отбасы институтының нығаюына өзіндік септігін тигізеді. Кейде дін ұстанушы-лардың өздері шариғат талаптарының астарын-да не жатқандығын, дәстүрлі қазақ қоғамындағы кейбір салт-жоралар мен әдет-ғұрып ережелерінің атқаратын қызметінің байыбына бара алмайды. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы неке қарым-қатынастары мәселелері мен мұсылмандық құқықтың оған әсер ету деңгейін тереңірек ұғыну үшін ондағы шарттар мен белгілемелерге үңіліп, функциялық тұрғыдан қарап, бір-бірімен салыстыра зерделеген дұрыс.

#### **Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері**

Бүгінгі күні ел халқының басым көпшілігін мұсылмандар құрайтындықтан, олар отбасы неке қарым-қатынастарында заңнамалармен қатар діни нормалар мен консультацияға да белгілі бір деңгейде сүйенеді. Осы арқылы кейде дәстүр немесе дін нормасы деп білген кейбір қолданыстардың қазіргі уақыттағы отбасы институтының мәселелерін шешпейтіні көрінеді.

Бұл жағдайды анықтау мақсатында дәстүрлі қоғамдағы түсініктер мен әдет-ғұрып нормаларына, оған шариғат нормаларының әсеріне талдау жасау, тарихи шолу жасау керек болады. Отбасы институты мен құқықтық мемлекеттің ұстанымдарын нығайту үшін халық жадында орныққан ұстанымдардың тарихи желісін, функционалды ерекшелігін, өз кезінде қандай мақсатта және нақты қандай мәселені шешкені туралы теорияларды қалыптастыру маңызды. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін алдымен дәстүрлі қазақ қоғамындағы отбасы құрылымы мен ерекшелігін, діни және ғұрыптық тұрғыдан отбасы құқығының қаралуы, мұсылмандық құқық нормаларының қазақ отбасы неке қарым-қатынастарымен байланысын анықтау үшін мұсылмандық құқық терминдері мен нормаларын сипаттау көзделді. Қазіргі кезде біз түсініп жүрген құдалық пен дәстүрлі қоғамдағы құдаласу дәстүрінің ерекшелігін анықтау үшін сол кездегі қолданыстарға салыстырмалы талдау жасау көзделді.

### Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақаланың ғылыми әдіснамалық негізін ғылыми әдістер құрайды. Дін мен әдет-ғұрып заңдарындағы неке шартына қатысты берілген ұғымдар мен анықтамаларды баяндау, салыстырмалы талдау, тарихи талдау әдістері қолданылды. Сондай-ақ, зерттеуде сипаттау, шолу және жүйелі талдау әдістері қолданылды. Қазақтың отбасы құқығы мен мұсылмандық нормалар арасындағы байланысты аталған әдіс-тәсілдер арқылы дәйектеу көзделді. Тұжырымдарды тарихи деректерді талдау арқылы шығару жоспарланған. Тақырыпқа байланысты деректерді талдау барысында тек дінтанулық тұрғыдан ғана емес, пәнаралық деңгейде тарих, әлеуметтану және мәдениеттануға қатысты зерттеулер де ескеріледі.

### Негізгі бөлім

Дәстүрлі қазақ қоғамында әскери құрылым, басқару жүйесі және қоғамдық қарым-қатынастардың барлығы ру-тайпаларға негізделген (Молдабеков, 2009: 223). Жалпы ел халқы әкімшілік басқару аймағы саналатын үлкен үш жүзге бөлінген. Бұл жүздер көптеген рулардан құралады. Ал, ол рулар кіші рулардан тұрады. Ал кіші рулардың бір-бірімен туыстығы қатаң сақталған. Жеті атаға дейін бір-бірімен неке қарым-қатынасында болмайтын бұл рулар ауыл-ауыл болып жақын орналасқан. Дәстүрлі қа-

зақ қоғамының ерекшелігі неке бұл екі тараптың емес кейде ру аралық қарым-қатынас деңгейінде өлшенеді. Оларды көшпелі өмір мен жиі орын алатын шапқыншылықтар осылай қалыптасуға мәжбүрлеген (Өсер, 2005: 362). Сондықтан да дәстүрлі қазақ қоғамында бүгінгідей күні шағын отбасы кездеспейді. Құқықтық мәселелердегі жауапкершілік пен құқықтық міндеттер рулар мен барлық ауыл адамдарына бірдей жүктелгенін көреміз. Әрбір ауыл мен рудың белгі көшіп-қонатын жайлауы мен қыстау, отырықшыл ай-мақтары болды. Олардың төрт-түлігіне басатын таңбасы мен ені де түрліше болып келетін (Өсер, 2005: 362). Бұл өз кезегінде отбасылық, некелік қарым-қатынастың көлемін үлкейтіп, дау туған-да басқа да мәселерге ұласып, күрделеніп кететіндігін көрсетеді.

Қазақтың қалалардан басқа барлық аймақтарында кең тараған отбасы түрі үлкен әулеттер төңірегіне топтасқан шағын қауымдастықтардан құралған отбасылар. Бұл отбасылар бір атадан тарайтын ең азы онға жуық отбасыдан тұрады. Бұлардың ауыл немесе қыстақ деп аталуының себебі жазда жайлауда, қыста қыстауда киіз үй-лерін бір-біріне жақын тігетіндіктен болса ке-рек. Осы үлкен отбасыдан 3-4 ұрпаққа дейінгі тарайтындар бірігіп, бір жерде тұрды. Егіншілік және барлық шаруаларды қауымдасып бірге атқарды. Сондықтан жер де жекенің меншігі емес қауымға ортақ болды. Осындай аталық отбасы құрылымы экономикалық және аймақтық тұрғыдан (Ресей тарапынан) өзгеріске ұшыратылғаннан кейін, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында бұрынғы қалыптасқан жүйеден айырылып, кішігірім отбасылар пайда болған. Мұны зерттеу жұмыстары айқындап отыр. Бұл отбасылардағы адам саны бес-жеті адамнан құралды (Төлеубаева, 2010: 61-62).

Ауылдың билігі беделді ақсақалдар немесе дәстүрді жақсы білетін ел ағаларына беріледі. Кейде басшылық ағайындар арасында құрметті аналарға (бәйбішелерге) де берілетін болған. Тіпті кейбір аналардың есімі ру-тайпалардың атауы ретінде де берілген. Ауыл басшылығы мен маңызды жиындар қарашаңырақта болды. Ауыл ішінде әрбір кішігірім отбасының меншік құқығы қорғалды. Келіспеушіліктің соңы дауға айналып қатты ушығып кетпесе, оны өз араларында шешетін болады (Нүсіпова, Жаппарұлы, 2011, 2Т: 118).

Қазақтың дәстүрлі құқығында әйелге қатысты барлық нәрсені яғни атастыру, құда түсу, қалыңмал, әмеңгерлік, ажырасуға қатысты таңқырыптар «жесір дауы» деген тақырып аясында

қарастырылды. Қазақ құқығында егер әйел некелі немесе атастырылған болса, ол басыбайлы әйел «жесір» деп аталады (Саққұлақұлы, 2005: 144). Бұл қазіргі ұғымдағы жесір сөзінен мүлде бөлек.

Исламның отбасы құқығына кіретін неке, талақ, мәһір, хулу, муфарақа, ғидда, хаданә, нафақа сияқты тақырыптар үйленуге және әйелдерге қатысты мәселелер, «ахуал аш-шахсия» немесе «хуқуқу ғайла» деген тақырыптарда қаралады. Отбасындағы негігі мәселелер жесір ақысы мен жетім ақысына, әйелдердің құқына байланысты туындап отырады. Қазақ құқығында отбасы құқығы мен осының төңірегіндегі дау-дамайлар мен мәселелер әйелдерге қатысты болғандықтан отбасы құқығы деген сөздің орнына «жесір дауы» деген сөзді қолданған деп топшыласақ болады.

Классикалық әдебиеттерде қысқаша түрде «китабут-талақ» және «китабун-никах» деп беріліп, кейбір мәселелер егжей-тегжейлі осы бөлімде қаралды. Ислам құқығының жүйесін ғибадат, муғамалат және ғукубат деп бөлгенде, кейбір еңбектерде бірқатар отбасылық жауапкершілік пен міндеттердің ақыреттік жағын маңызды деп санағандықтан ғибадат бөлімінен кейін орын берген. Осыдан кейін муғамалат тақырыптарына тоқталған. Осылайша екі бөлімге де қатысты екенін көрсеткен. Яғни Алланың некені «ауыр келісім (серт)» деп атап, бірқатар хадистерде сүннет деп сипаттауы ғибадатқа жақындау екенін айғақтайды деп есептеген (Яман, Чалыш, 2015: 17). Ал кейбір әдебиеттерде үйлену келісімнің бір түрі, бұдан басқа тақырыптар осы келісімнен туындаған мәселелер деп, оны көбінесе муғамалаттың аясында қарастырылғанын көруге болады. Бұхара мектебінен шыққан мәтін мен түсіндірмелерде неке тақырыбы қажылықтан кейін баяндалған. Ал Бағдат мектебінен шығарылған мәтін мен классикалық әдебиеттерде бұл тақырып сауда-саттық мәселесінен кейін баяндалғанын көреміз. Тақырыптардың жалпы реті былай жазылды: Некенің талаптары мен шарттары, мұхаррабат (үйленуге кедергілер), уилаат (өкілеттілік), кәфаат (теңдік), мәһір, радағ (сүт бауырға байланысы), ажырасу, хулуғ (шартты ажырасу), тәфриқ, рижғат (қайтадан үйлену), ила (шартты түрде жақындасудан сақтану), зихар (кәффаратты талап ететін сөз қолдану), лиған (өтірік пен жаланы дәлелдей алмаудың жағдайы), ғидда, нафақа, хадана (баланы асырау және баланың кімнің атына жазылатыны).

Патшалық үкімет өздерін қолдаушылармен байланысын нығайта отырып, оларды құқықтық

жүйені жақтаушыларға қарсы айдап салды. Нәтижесінде көптеген қайшылықтар белең алды. Қазақтардың дәстүрлі отбасы құрылымы мен руларға негізделген (Оразбаева, 2009: 246) құқықтық жүйенің бұзылуы халықтың арасында әділетсіздіктің, бай-кедей топтарының қалыптасуына жол ашып берді (Төлеубаева, 2010: 50). Осындай келеңсіздіктерді олар қолданыстағы құқықтық жүйенің дәрменсіздігі деп көрсетуге тырысты. Патшалық Ресейден кейін билікке келген большевиктер кедейлердің күшін өз пайдасына шебер қолданды. Мұнда да дәстүрлі құқық пен әдет-ғұрыптағы ережелердің дәрменсіздігін үнемі тілге тиек етіп отырды. Шын мәнінде қолданыстағы жүйені құлатып, бай мен кедей табын қалыптастыруды көздеді. Кеңес дәуіріндегі зерттеушілердің Қазан төңкерісінен кейін қазақтар арасында пайда болған кейбір әдеттерге қатысты негізсіз болжам мен қорытынды жасағаны байқалады (Арғынбаев, 1973: 52).

Қазақ халқының құда болу салты – үйленуден гөрі екі жақтың бір-біріне құрмет көрсетуін талап ететін үлкен жүйе. Жоғарыда айтып өткеніміздей «Құда мың жылдық, күйеу жүз жылдық», «Суды шым тоқтатады, дауды қыз тоқтатады» (Дулатбеков, 2009: 156) деген мақалға орай, құда болу екі жақты жақындатып, біте қайнасуға жол ашады.

Қазақтың дәстүрлі әдеті бойынша қазақ қыздарын 13-14 жасында ұзатып, ер балаларын 15-16 жасында балиғатқа толды деп үйлендіретін. Тұрмыс жағдайы нашар жарлылардың қыздары 11 жастан да ұзатылатын жағдайлар кездесетін. Халық түсінігі бойынша неғұрлым жастарды ерте үйлендірсе, олар әрбір жағымсыз қылықтардан аулақ болып, ұрпақтары мықты болады деген түсінік те болған. Сонымен бірге, сол замандағы жиі қақтығыстардың салдарынан көбіне ер адамдар қаза болып отырғандықтан ұрпақты сақтап, өсіріп көбейту мақсатында балаларын ерте үйлендіруді мақсат тұтқан. Қазақта туыстық жақындығы жеті атаға толмай қыз алыспау тәртібі қатаң сақталған. Мұндай тәртіпті этнография ғылымында экзогамия дейді (Арғынбаев, 1980: 147). Ы. Алтынсариннің айтуынша Қазақстанның батысын мекендейтін қазақтарда XIX ғ. екінші жартысында сегіз атаға толғанша қыз алыспаған (Броневский, 2006, 104). Х. Арғынбаевтің деректері бойынша қазақтың кейбір рулары қыз алыссақ алыстап кетеміз деп 13 атаға дейін өзара құдаласпаған (Арғынбаев, 1996: 58) Осыған қарағанда қазақ қоғамында тараптар ретінде көбінесе шарият нормаларындағыдай ата-атаның немесе олар өкілеттік берген одан

да жоғары аталарының екі жақты келісім шарты негізінде отбасы құрылып отырған. Бұл келісім шартты біз «құдаласу» деп атағанмен оның қызметі мен ішкі мәніне үңілгенде оның шариғаттағы хитба тәрізді емес екі жақты қатаң келісім-шарт екендігін байқаймыз. Ал, шариғаттағы «хитба» түсінігі салыстырмалы түрде қазақ дәстүріндегі «біз шаншу», «үкі тағу», «қарғыбау», «сырға салу», «айттыру» секілді жоралғылармен ұқсас келеді.

Қазақтарда некелесудің басы «біз шаншу» деп аталатын белгімен немесе «бізде ұл, сізде қыз бар» екен деген сияқты астарлы сөздермен айттырады. Қамшыны белдеуге немесе керегеге қыстырып барып жайғасу, үкілі тақия секілді сыйлықтар әкелу қызға құдалық сөйлесе келгенді білдіреді. Құдалықты бастайтындарды «жаушы» деп атаған. Жаушы көне түркі тіліндегі «сау» деген сөзден шыққан, хабаршы деген мағынада. «Жаушы» деп жігіт әкесі атынан қыз айттыруға баратын өкіл адамды айтады. Жаушының міндеті – қыз ата-анасының мақұлдығын алып, құдалыққа баратын сәтті күнді белгілеп келу. Жаушы кетерінде қыздың ата-анасынан үкі (қарғыбау)ғағатын күнді белгілеуін өтінеді. «Құдалығымыз берік болсын» деген ниетпен жаушыға «шеге шапан» деп аталатын шапан жбатын болған (Төлеубаева, 2010: 83).

Қабыл еткенін білдіретін белгі немесе нақты жауапты алғаннан кейін үлкендер жағы «үкі тағу» немесе «қарғыбау» деген келісім-шарт рәсімін бастайды. Қарғыбау – сөздік тұрғыдан дәрежені білдіретін алқа немесе жыртқыш жануарлар мен иттің мойнына тағылатын бауды білдіреді (Сқақов, 2006: 355) Ал, отбасылық құқығы мен қарым-қатынасында бір-бірімен жақындық пен туыстық байланысты орнаттық дегенді білдіретін рәсім. Кейде жігіт жақ жағдайға қарай әр түрлі мөлшерде сый-сияпат алып келеді. Көбінесе 1 түйе, 1 жылқы әкеледі. Екі жақтың біреуі осы келісімді бұзатын болса, әкелінген сыйлықтың үш есесін артығымен өтейді (Қазақтарда көбінесе «үш тоғыз» ретінде осы мүлікті өтеу жазасы қолданылған болуы мүмкін) Бұл мәліметті Ж. Ақбаев 1907 жылы жазған «Қазақтардың дәстүрлі отбасы құқығы» (Ақбаев, 2006: 567) атты мақаласында келтірген. Құда түсу салты аймақтарға қарай «үкі тағу», «сырға салу», «айттыру», «өлтірі» деген атаулармен түрліше аталса да мазмұны жағынан бірдей.

Кейбір аймақтарда осы келісімді «құда түсер немесе құдаласу» деп айтады. Атақты этнограф Башкүрт зерттеушісі И.И. Ибрагимов былай дейді: Ұл өсіріп отырған Қазақ өзіне тең санайтын,

қызы бар жақын тартқан адамға алдымен ниетін білдіреді. Қарсылық білдірмесе, құда түсу үшін бір топ адам жібереді. Айттыруға барғандардың саны 4-тен 10-ға дейін болады. Айттырып келуді «құда түсер» деп айтады. Бұл кішігірім той сияқты болады. Осы сапарда қалыңмал нақтыланады. Бұл үрдіс жаз айында болса қыз жағы арнайы отау тігіп, сол жерде күтеді (Ибрагимов, 2006: 21) Үлкен әулеттің немесе қарашаңырақтағы отбасына жиналған туыстар әдетте алдын ала жиналып құдалыққа кімдер баратынын шешеді. Адамдар саны ең азы 3-4 адамнан 20-30-ға дейін барады. П.Маковецкий осыған байланысты зерттеуінде үлкен әрі беделді отбасыларда құдалыққа баратындардың саны өте көп, яғни 20 адамнан көп болады деп мәлімет келтірген (Маковецкий, 1992, 23). Мұны бұл жерде айтуымыздың себебі құда түсудің бір келісім екенін әрі үлкен мөлшерде сый-сияпат берілетінін көрсету болып отыр.

Бұдан кейінгі дәстүр «құйрық-бауыр жегізу» деп аталатын негізгі құда болу келісімі арқылы жалғасын табады. «Құйрық-бауыр» – құйрық маймен қуырылған қарабауырдан жасалған тағамның түрі. Бұл тағам символикалық тұрғыда бір-біріне жақын туыс болу және ажырамауды білдіреді. Бауыр – ағайын-туыс деген мағынаны берсе, құйрық – таза ниет және байлықтың символы. Құда болғанда мың жылдық болдық деп келісімге келеді. Бұл рәсімде әулеттің үлкендері мен ата-аналары міндетті түрде болады. Қазақ қоғамында «Құда мың жылдық, құйеу жүз жылдық» деген аталы сөз кең тараған. Бұл өз кезеңіндегі бір қағида, ереже деп айтуға болады.

Ф. Лазаревскийдің 1864 жылы жарық көрген мақаласында осы келісімге байланысты былай делінген: «Бұл келісім ауызша жүргізіледі. Келісім кезінде ағайындар мен көршілерді жинап құйрық май мен қарабауырды араластырып істеген тағамды екі ыдысқа салады да келісіп отырған екі адамның алдына алып келеді. Екі жақ құда түсіп отырған құдаларына өз қолдарымен тарту етеді. Баратын кезде құйеу бала тарапынан келгендерге басы жылқымен басталып, әрқайсысына сый-сияпат береді. Мұны киіп кигізу деп атайды (Лазаревский, 2006: 146). П. Маковецкий де осы деректерді келтіре отырып былай дейді: «Құйрық-бауыр – бұл заңды түрде келісімнің жүзеге асқанын білдіреді. Егер бір мәселе туындай қалса дауды шешетін билер олардан: «Құйрық-бауыр жедіңіздер ме?» деп сұрайды. Құйрық-бауыр жеген болса бұл құдалықты заңды деп санайды» (Маковецкий, 1992: 81).

Бұл келісім кейде «өлтірі» деп аталатын екі жақтың бір жерде бас қосып мал сойып, оның етін асып жеу арқылы өткізіледі. «Өлтірі» негізінде өлі және тірі сияқты екі сөздің қосындысынан туындаған, өлі және тірілердің алдында сөз береміз деген мағынаға келеді (Бәби, 2009: 268-270). Қазіргі Шығыс Түркістан аймағындағы Абақ Керей руының 1836 жылдан 1949 жылға дейін қолданыста болған «Төрт би төре заңы» деп аталатын қазақтың әдет-ғұрып заңдарында «жесір дауы» бабында «өлтірі» деп көрсетілген. Күйеу жігіт жағы жағдайына қарай жылқы, тай немесе қой алып келеді. Алып келген сыйлықтар мен жануарларға да «өлтірі» деп аталады, келіннің төркіндері барлық ағайындарын жинап, Құран оқып, әруақтарға бағыштайды, келгендерге арнайы дастархан жайылады. Өлі мен тірілерді еске алғандықтан осы жиынды «өлтірі» деп атаған. Осы шара ер мен қыздың бір-біріне берген анты ретінде қабылданған. Күйеу бала жағы өлтіріні алып келгеннен кейін айттырылған қыз сол елдің адамы деп есептеліп «басыбайлы жесір» деп аталады (Бәби, 2009: 486). Бір жесірдің дауында былай деп айтылған: «Қазақы ғұрыппен, мұсылмандық жолымен қалыңмалы берілген басыбайлы жесірміз...» (Жунивов, 1971: 199). Қазақ қоғамында орын алған бұл салттың қуанышты істерде атқарылуының өзі үйленуге ниет еткен жастарды адамгершілікке, тектілікке тәрбиелеуді нұсқайды. Орыс зерттеушісі Г.Загряжскийдің 1876 жылы жарық көрген деректерінің 66-бөлімінде былай дейді: «Қазақтар қыз алып-беруде сотқа жүгінген жағдайда дәлел ретінде құйрық-бауыр келісімін және сол жерде болғандарды куәгерлікке тартады» (Загряжский, 2006: 477).

Сот реформасынан кейінгі қабылданған ережелерде де құдаласудың тек сөз салу немесе өзара сыйлықтар беру емес, заңдық күші бар келісім-шарт екендігі айқын көрініс табады. Мысалы, 1896 Абай Құнанбайұлының да қатысқан Шар-Күшік ережесінде былай делінген: «Біреуге құда түсіп, айттырып қалыңы төленгеннен кейін әлгі қызды басқаға ұзатса, қазақтың әдет-ғұрпы бойынша қалыңды толықтай қайтарып, ат-шапан айыптан бастап үш тоғызға дейінгі жазаға тартылады» (Адилбаев, 2005: 94-95). П.Маковецкийдің дерегі бойынша қазақтардың құдалығы келін мен күйеу арасындағы келісім-шарт емес, екі әулеттің арасындағы туыстық байланыстың келісім-шарты екенін, егер екі жақтың бірі қайтыс болса әлгі құдалық сол күйінде бұзылмай жалғаса беретіндігі айтылады. Тіптен, келін болып түспесе де төркінінде отыр-

ған қыз күйеу қайтыс болған жағдайда қара жамылғы жамылып, күйеудің шаңырығына түсіп, бір жыл қара жамылып күткеннен кейін күйеуінің бауырларына немесе жақын туыстарының біріне некеленеді. Қыз жағы «аза малы» дейтін сойысқа мал әкеледі (Маковецкий, 1992: 24).

Қазақтың әдет құқығында ашық немесе астарлы түрде жасалған ұсыныстар қабылданбаған жағдайда, яғни «Үкі тағу» немесе «Күйрық-бауыр» сияқты жөн-жоралғы жасау секілді келісімге келмейінше екі жақтың бір-бірінен бас тартуында тұрған ешқандай әбестік жоқ. Мұны «Қызға қырық кісі сөз салады, біреуі алады» деген сөзбен түсіндіріп өткен. Жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл сөзден және келісімнен бас тартқан жағдайда берілген сыйлықтарды қайтарумен қатар мүліктік жазаға тартылады. Осы жазалардың ең жеңілі «Ат-шапан айып» деп аталатын жақсы ат және дайын киімдер немесе маталардан тұратын жаза беріледі. Кейде «тоғыз тарту» деп аталатын үш тоғыз, яғни 27 мал (көбінесе ірі қара беріледі, жағдайға қарай ұсақ малдар арқылы толықтырылады) жазасына тартылады (Маковецкий, 1992: 24).

Ислам құқығында қызды айттыру «уәлая» немесе «хитба» деген атпен неке тақырыбы аясында қарастырылады. «Мәһір» және «ғидда» тақырыптарында да айтылады. Ислам құқығында үйленуге ниет білдірген және ұсыныс жасаған ер адамды «Хатиб», сөз тасталған қызға «махтуба» деп атайды. Неке келісімінің алғашқы баспалдағы болғандықтан екі жақтың отбасы немесе келін-күйеубала ретінде бір-бірін тану жағынан маңызы зор. Болашақта бақытты отбасы болуды мақсат тұтқандар үшін танып-білісу, көрісудің алдағы уақытта да бір-бірімен түсінісіп, отбасының баянды болуы үшін қажет екені Мүслімнің хадис жинағында (неке, 74-75) Пайғамбар хадисі тарапынан да білдірілген.

Ислам құқығында некелесуге кедергі келтіретін мухаррамат санатына енетін некелесуге тыйым салудан басқа, осы хитба жасау үшін де өзіндік кедергілер кездеседі. Бір адамның атастырылып қойғанын біле тұра оған сөз салуға рұқсат берілмейді. Мұхаммед пайғамбар бұл жайында хадисінде былай деген: «Ешбірің мұсылман бауыры айттырған қызға сөз салмасын. Бұхари хадис жинағында (неке, 45) тек алғаш айттырған адам ұсынысынан бас тартқан жағдайда немесе өзі рұқсат берген жағдайда ғана сөз салуға болады делінеді. Ғиддасын (күту мерзімі) күтіп жүрген әйелге де ұсыныс жасауға болмайды (аш-Ширбини, 1994, 222). Өйткені бұл іс өзгеге қастандық әрі қиянат жасау деп есептеледі

(Ибн Абидин, 1992: 9). Мәлики және Ханбали мәзһабының көзқарасына қарағанда, егер әйел өзіне үйлену жайлы ұсынысты қабылдайды деген ой басым боса, екінші бір адамның ұсыныс жасауы харамға жақын мәкруһ, тіпті харам деп есептеледі (Ибн Құдама, 1968, VIII: 196). Дегенмен онды немесе теріс ешқандай белгі болмаған жағдайда бөгде біреудің ұсыныс жасауына болады (Ибн Құдама, 1968, VIII: 166). Шафиғи мәзһабындағы құпталған көзқарасқа қарағанда, әйел әлі де ашық түрде жауап бермеген болса, бірінші ұсынысқа оң қабақ танытқаны мәлім болса да екінші жақтан да ұсыныс жасауға болады (Ибн Құдама, 1968, VIII: 143-146). Күйеуі дүниеден өткен әрі ғидда мерзімін күтіп жүрген әйелге үйлену жайлы ұсыныс жасаудың ешқандай әбестігі жоқ екені аятта (Бақара сүресінде) білдірілген. Байн талақ (айқын, ақырғы талақ) арқылы ажырасқан әйелге ұсыныс жасауға рұқсат берілгенімен, ғалымдар рижғи талақпен (қайту талағы) ажырасқан әйелге ұсыныс жасауға болмайтынын білдірген (Ибн Құдама, 1968, VIII: 147). Қазақ дәстүрінде де біреудің сөз байласқан қызына немесе күйеуі қайтыс болып қара жамылған әйелге үйлену туралы ұсыныс жасауға болмайды (Пален, 2006: 590). Қазақ дәстүрінде талақ беру арқылы ажырасу және ғидда күткендердің саны аз болғандықтан бұған байланысты деректер көп кездеспейді. Ислам құқығы отбасы бақыты мен баяндылығын басты назарда ұстайды. Сондықтан да құда түсу мен бір-біріне сай не сай еместігін білу мақсатында кездесіп көрудің орны ерекше. Осы орайда қазақ құқығындағы неке қиюға дейінгі «біз шаншу», «қарғыбау», «құда түсу», «үкі тағу», «өлтірі», «ұрын бару» секілді рәсімдердің барлығын дерлік осы тұрғыда қарастыруға болады. Десек те, ата-аналардың құда түсу келісімін неке келісім-шарты деген дұрыс. Салыстырмалы түрде қарағанда құда түскен және сөз байласып қалыңмалы белгіленген екі жақтың бір-бірінен бас тартуы келісімді бұзу немесе некені бұзумен қатар деп есептелген. Егер шымалдық ашылған болса қалыңмалдың жартысын қайтару, көбінесе жоғарыда айтып өткеніміздей қайтып қосылуға болмайтын келісім болғандықтан, Ислам құқығындағы хитба келісім немесе сөз байласу емес, ұсыныс жасау екені анық. Ислам құқығында хитба (сөз тастау) келісімнің қатарына кірмейтіндіктен екі тараптың арасында неке келісім-шарты жасалмай бір-біріне жақындауға, оңаша қалуына рұқсат етілмейді. Бір-бірін жақынырақ тану әрі арасындағы байланысты нығайту үшін таныстық кезеңінде уақытша неке қидыруға рұқсат берілмейді (Ибн

Құдама, 1968: VIII, 180). Өйткені неке қию келісімі баянды әрі тұрақты болуы керек.

Ислам құқығында хитба тоқтаған жағдайда ерлі-зайыптылық басталмағаны үшін қалыңмал ретінде не берсе де қайтарып алуына болады. Мәһір (қалыңмал) беру неке келісім-шартынан туындайтын міндеттеме болғандықтан бұл қыз жаққа тиесілі болмайды. Берген дүниесі сол қалпы тұрса өзін, егер жұмсап қойған болса құнын төлеуге тиіс. Егер мәһір (қалыңмал) ретінде емес сый ретінде берсе, бұған дәлелі болса да кері қайтар деп сұрай алмайды. Сый әрі қалыңмал ретінде емес, уақытша кепіл ретінде бергенін айтатын болса кері сұрауына құқығы бар (Чекер, 2016: 23; Али Хайдар, 1991: 464). Қазақ құқығында да отбасы құрмаған жағдайда қалыңмалды қайтарып береді. Алайда келісімнен бас тартқаны үшін өтейтін тоғыз деген жазаға тартылады. Ислам құқығындағы қалыңмалды кері қайтару туралы мәселені қалыңмал тақырыбында арнайы қозғайтын боламыз.

Ал берілген сый-сияпатқа келетін болсақ, Ханафи мәзһабы бойынша берілген сыйлықтарды қайтарып алуына болады (Ибн Абидин, 1992: III, 155). Мәликилердің көзқарасы бойынша берілген сыйлықтарды қайтарып алуға болмайды. Мұнда әдет-ғұрыптарға қарай мәміле жасалады деп те есептейтін ғалымдар да кездеседі. Әдет-ғұрыпта мұндай нәрсе болмаса келісімді бұзбаған тарап ретінде қайтарып алуына болады. Өйткені мұндағы сыйлықтар арнайы сыйлық емес, үйленуге байланысты берілген сыйлықтар (Бұрханиддин, 2004: III, 188). Ал Шафиғи мәзһабы бойынша, сөз байласу қай тараптан бұзылса да берілген сыйлықтар кері қайтарылады. Ханбалилердің көзқарасы бойынша, келісімді бұзған тарап сыйлықты қайтар деп сұрай алмайды, ал екінші тарап бұзған жағдайда сұрай алады.

Осман мемлекетінің соңғы кезеңдерінде 1917 жылы шыққан «Хуқуқу айле» қарарнамасында (Отбасы Құқығы Заңнамасы) былай деп көрсетілген: «Сөз салу немесе сөз байласу арқылы некелескен болып есептелмейді. Қарым-қатынас үзілгеннен кейін екі тараптың бірі некелесуден бас тартса немесе дүниеден өтсе жігіт тараптың мәһір ретінде берген нәрселері бар болса, жұмсалған жағдайда оның орнын толтыру керек. Бірақ сыйлық ретінде екі жақтың бір-біріне берген дүниелері тарту болып саналады» (Чекер, 2016: 23).

Қазіргі мұсылман елдерінің көбінде «хитба» (сөз салу немесе сөз байласу) процесі қалыптасқан ғұрыпқа байланысты ұзаққа созылады. Осы арада атқарылатын рәсімдер мен өзара сыйлық-

тар ұсыну үшін көлемді шығындар шығарады. Егер неке келісім-шарты жасалмай қалған жағдайда ауыр салдарлар мен күйзелістерге алып келетінін де көруге болады. Екінші жақтан некеге дейінгі қарым-қатынастарға жол беріліп, діни тұрғыдан және заңдық тұрғыдан көптеген тығырықтар мен ыңғайсыз жағдайларға ұшырауы да көптеп кездеседі. Көптеген мұсылман елдерінің неке және отбасы туралы заңнамаларында бұл жағдай көзделмеген болса, кейбір елдерде осы мәселеге қатысты арнайы заңнамалық баптардың қарастырылған (Нур Али, 2016: 15). Жалпы алғанда «хитба» немесе «нишанланма» мұсылмандық құқығында келісім-шарт ретінде есептелмегенімен белгілі деңгейде салдарлары бар келісім деуге болады. Себебі, тараптардың ар-намысы және материалдық шығындар болғандықтан құқықтық тұрғыдан шешім мен басқа да баламалардың болуы орынды. Классикалық әдебиеттерде бұл мәселелердің бөлек қарастырылуы мен қазіргі мұсылман елдерінің заңдарына орын алуының өзі мәселенің қаншалықты маңызды екендігін көруге болады.

Қазақ халқында екі жақтың өз беттерінше сөз байласуы кең тарамаған. Мұның орнына кішкентай кезінде атастыру арқылы, яғни ата-аналардың үйлендіруі әрі сөз байласуы кең тараған. Ф. Лазаревскийдің деректеріне қарағанда, үйленетін жасқа келгенде қазақтардың қалаған жағдайда құда түсе алатыны, тіпті шынайы достар дүниеге келмеген перзенттерін егер ұлқыздары болса құда боламыз деп келісе алады. Кішкентай кезінде қызына құда түседі. Қазақтар тек қана діндестерімен ғана құда болады. Діни бөлек жандар олар үшін тек қана күң болады. Жалпы алғанда ұлы 5-8 жасында әкесі қалыңдық іздей бастайды (Лазаревский, 2006: 145). А. Арғынбаевтың зерттеуіне қарағанда: Қазақтар дәстүр ретінде қыздары 13-14 жаста, ұлдар болса 15-16 жаста балиғат жасқа толды деп үйлендіреді. Өмір шарттары қиындаған кезеңдерінде 11 жастан қыздарды күйеуге бергендер де болған. Халықтың көзқарасында тұрмысқа ерте берілетін болса, жастар жаман әдеттерден алшақ болады әрі ұрпағы батыр болады. Енді бір жағынан ол кезеңдерде жиі соғыс болатындықтан ерлердің көп қаза болуына байланысты ертерек үйлендіріп бала сүйіп ұрпақ өрбітуді көздеген (Арғынбаев, 1973: 147). Біз осыдан неке келісім-шартындағы діннің қаншалықты маңызды екенін және діни тұрғыдан балиғат жасының ескерілетіндігін көреміз. Неке келісім-шартының ерте жасалуын сол кездегі қоғамдық түсінік пен шарттарды ескеріп түсінген дұрыс.

Жалпы алғанда некелесу және құда түсу де әке немесе әулеттің үлкендері тарапынан жүзеге асырылады. Үйленетін жігіт әулеттің үлкендерінің алдына түсіп қыздың әкесіне яки үлкендеріне өзі бармайды. Бұл үлкен ағаттыққа жатады. Бірақ мәселе тек қана үлкендердің келісімімен ғана шешілмейді. Жігіттің ұнатқан қызын көріп, онымен танысу үшін мүмкіндік беріледі. Бұл амал «ұрын бару» деп аталады. Ұрын бару қалың мал төленбей тұрып, келісімнен кейін орындалады. Келісім бұзылған жағдайда бірқатар мәселе мен қарызданған болса да, бұл амал келісімнен кейін, тойдан бұрын жүзеге асырылады. Үлкен мәселе немесе келеңсіздіктер орын алған жағдайда қарғыбау, құда түсу келісімі бұзылады.

Қазақтардың отбасы құқығы және некелесуге байланысты әдет-ғұрыптары тек қана ерлі-зайыптылардың өзара келісімі емес екі ауыл арасындағы маңызды келісімге жатады. Сондықтан да бұл ереже «Құда мың жылдық, күйеу жүз жылдық» деп ережеге айналдырған. Осыған орай сырға салынған қыз дүниеден өтетін болса немесе басқа біреуге үйленіп кетсе, қыздың әкесі оның орнына басқа қызын беруге міндетті болды (Өсер, 2005: 479).

Кейде екі жақты қайшылықты басу үшін, өкпе мен ызаны туыстық қарым-қатынасқа айналдыру үшін, тіпті өзіне жақсы қолдаушы әрі досқа айналдыру үшін құда түсу салтына жүгінеді (Зиманов, 2005: IV, 521) Сондықтан да ата-аналары үйлендіріп, құда түскен жеріне разы болса, бұл келісім бас тартуға болмайтын маңызды келісім болып табылады. Ф.Лазаревскийдің келтірген бір дерегіне қарағанда, күйеу жігіт қаза болса, оның бауырына тұрмысқа шығады, егер келіні дүниеден өтсе күйеу жігіт оның сіңлісіне үйленеді. Сонымен бірге бұл жасалған келісімнің жалғасы ретінде есептеледі (Лазаревский, 2006: 171)

Ресей Патшалығының Семей өңірі бойынша әскери басшысы В.А.Полторатскийдің жұбайы Л.К.Полторатскаяның деректерінде былай баяндалған: «Қазақтар жақындарымен үйленбейтіндіктен келінді басқа рудан әрі шалғайдағы аймақтардан алады. 1868 жылы жарық көрген «Ереже» заңнамасында Қазақ қыздарына өз қалауы болмаса, бала кезінде атастырған жігітіне үйленбеу құқығы берілген. Қыздың ата-анасы қалыңмалды кері қайтарып, қазақ әдет-ғұрыптарына қосымша ретінде «Түйе тоғыз» жазасына тартылған. Яғни, басы түйеден басталатын 9 мал. Осы жазаны қыздың әкесі өз сөзінде тұра алмағаны үшін төлейді. 1868 жылғы «ережеге» қарағанда, қыздарды 16 жасқа дейін үйленді-



руге тыйым салынған. Қазақтар бұл заңнаманы өз араларында әйелдерден жасырын ұстағанын байқауға болады. Алайда билік тарапынан қатаң талап болғанда халыққа жарияланған. Осы хабарлама өте пайдалы болған. Былтырғы жылы өткен бірінші болыс жиынында 11 қыз, құда болған жігіттеріне тұрмысқа шыққысы келмейтіндіктері жайлы шағым түсірген. 1868 жылға дейін қыздардың қалауына қарамай мал сияқты саудаланып сатылғаны қандай аянышты!? Жесір әйелдердің жағдайы одан да ауыр. Қалыңмалын төлеген отбасы немесе ауылы оны өз меншігінен шығармайтын» (Полторатская, 2006, 39) Осыған қарағанда қазақтар арасындағы құда түсу дәстүрі нақты келісім-шарт деп айтуға толық негіз бар. Демек, құда түскеннен кейінгі қарым-қатынас пен ұрын бару дәстүрін де заңды деп есептеуге болады. Екінші жақтан бір қарағанда қазақ қыздарына еркіндік беру мәселесі қозғалғанымен, қазақтардың дәстүрлі отбасы құрылымы мен қалыптасқан әдеттің тығырыққа тірелгенін көреміз. Бұл жағдай жазба әдебиеттің дамыған кезеңінде басты тақырыптардың біріне айналуының өзінен біз бұл келісімшарттың қатаң сақталғандығын анық көреміз. Құда түсу дәстүрі қыздардың қалауына қарамай сатуды мақсат тұтпағаны анық. Сыйласып құрмет тұтатын адамдарымен құда болып, қарым-қатынасты нығайтуға тырысып, болашақта қыз бен жігіттің тіл табысып кетуін, теңіне беріп бақытты болуын қалайды. Ислам құқығында теңіне берілмеген не мәһір аз берілген жағдайда шағым түсіруге құқық берілген. Бұл арқылы сол қыздардың болашақтағы өмірінің баянды болуы көзделген.

1846 жылы қазақтардың отбасы құқығына байланысты өткізілген Орынбор әкімдігінің жиынындағы материалдардың 25-бөлімінен мына деректерді көруге болады: «Қазақтар ұл-қыздарын анасы жүкті кезінде атастырады. Яғни сөз байласады. Екеуі дүниеге аман-есен келіп, біреуі ұл, біреуі қыз болса, құда боламыз деп сөз байласады» (Броневский, 2006: 421). Ата-аналар мен жастардың басы қосылған кезде ижаб-қабул және куәгерлер жайлы айтылады, алайда мәһір туралы мүлде айтылмайды. Неке рәсімі имамның алдында өтетіндіктен қазақтар қалыңмалды мәһірдің орнына санағанын көруге болады. Қазіргі таңда мәһір ретінде кішігірім сыйлықтар беріліп, бұған аса көңіл бөле бермейді.

Кездесулерге байланысты Ханбәли мәзһабының ұстанымына келетін болсақ, үйленгісі келген әйелмен жеке қалмай, жақынырақ тану, шектен шықпау шартымен басына, шашы мен бойына, аяқтарына көруіне рұқсат берілген (Суую-

ти, 1994: 12). Ал Ханафи және Мәлики, Шафий мәзһабтарында, басына жамылған орамалымен қарауына болады (Тараблуси, 1992: 405). Кездесу мәселесі қазақ құқығында құда болғаннан кейін басталады. Бұл жайт ата-аналардың үйлендіру жайлы келісімге келгенін айғақтайды.

Ата-аналар (уәлилер) қыз сұрай келгенде (хитба) ижаб пен қабылдау орындалып, бұған екі куәгер болса, келісімнің орнына жүріп-жүрмейтіндігі турасында түрлі көзқарастар алға тартылған. Өйткені бұл хитба ғана емес, келісімнің орындалғанын көрсетеді деп есептеген (әл-Бәһути, 1997: 37). Мәселен, бұрын үйленбеген балалардың әкелері (уәлилері) бас қосып «Мен қызымды пәленшенің ұлы пәленшеге мынадай мөлшердегі мәһір арқылы бердім» дейтін болса, екіншісі «Қызыңды ұлым үшін қабылдадым» десе келісім орындалған болады (Бұрханиддин, 2004: III, 20). Қазақтарда да құда түсу жайлы келісім жасалғанда қалыңмалды нақтылау сол аймақта қалыңмал ретінде берілетін мөлшердің болуы да осы жайтқа ұқсайды.

Қорыта айтқанда, Ислам құқығында ұсыныс жасау, екі тараптың үйленуге мәжбүрлі екенін білдірмейтіндіктен хитбадан кейін себепті не себепсіз, бір жақты немесе келісімді түрде атастырылуды тоқтата алады. Десек те сөзінен таю дін тұрғысынан құпталмайтындығын әрі уәдені бұзудың қарсы тарапқа материалдық шығын мен жанына жара салатынын жан-жақты қарастырып, осының барлығын ескере отырып шешім шығару керектігі ескертіледі. Дегенмен қазақтардың құқығындағы құда түсу немесе сөз байласу келісімге жататындықтан дәл сонымен бірдей деп айта алмаймыз. Өйткені құда түсуге дейінгі жасайтын шараларды, сөз байласу немесе ұсыныс деп қарастыруға болады. Алайда құда болғаннан кейін қалыңмалдың мөлшері нақтыланып төлене бастағанда келісім жүзеге асады да, қыздың барлық жауапкершілігі күйеуі болатын тарапқа тиесілі болады. Тіптен бұл келісімнен бас тартуға болмайтындығын қыздың ата-анасы атастырған қызын бере алмаған жағдайда басқа қызын не жақын туыстарынан бір қызды беруге міндетті екендігіннен көреміз. Міне сондықтан қазақ әдет-ғұрпындағы құда түсу келісімі Ислам құқығындағы ата-аналардың үйлендіру құқығы және рұқсаты сияқты деп есептеу орынды болады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында неке рәсімі сырға салу, қалыңмалдың мөлшері мен қашан төлейтіні белгілі болғаннан кейін өткізіледі. Орыс зерттеушісі А.И. Левшиннің 1820 жылы жазған естелігінде «талап-шарттар орындалғаннан ке-

йін молда мұны халыққа хабарлап, екі жақтың ата-аналарына жеке-жеке 3 рет: «Сіздер балаларыңызды үйлендіруге разысыздар ма?» деп сұрап, жауаптарын алады. Куәгерлер мен сол жердегілердің алдында дұға қылады» – деп көрсетілсе, естеліктің келесі бір жерінде: Бір ыдыстағы суға әшекей бұйым не бір жебе ұшы т.б. нәрселер, кейде қағазға немесе ыдыстың ішіне жазулы дұға оқиды. Жастардың әрқайсысынан өз разылықтарымен келіп тұрғанын 3 рет сұрайды да ыдыстағы судан ішкізеді. Сол жердегілер де судан ішеді. Су жетпей қалса қалған суды көпшілікке қарай шашады. Шын мәнінде некеден алдыңғы сырға салу рәсімі кішігірім той секілді өткізіледі. Қыз жақ жасау мен қызға берілетін дүниелерді дайындайды. Күйеу жігіт жағы да қалыңмалды дайындауға кіріседі. Негізгі той қалыңмал берілгеннен кейін жасалады. Бірақ бұдан кейін сөз байласқан жұптың кездесуіне әрі жыныстық қарым-қатынасқа түспеу шартымен кездесулеріне рұқсат беріледі (Левшин, 2006: 410-412). Д.Андре 1846 жылы жазған жазбаларында мынадай мәлімет келтірген: «Неке рәсмінде ағайын, би мен ақсақалдардың сөзі жүрмейді. Молдасыз неке қиылмайды» (Броневский, 2006: 428). Осы деректерде неке рәсмінде ата-аналардың рұқсатымен қатар, жастардың да бір-бірінен разы-разы еместігі сұралатынын көреміз. Әдет-ғұрып бойынша үйленетін жұптар үлкендердің қалауына қарсы болмайды. Демек діни неке рәсімі мен келісімде қандай да бір кемшілік болса, оны толықтыру әрі ресми тіркеуге алу үшін жасалатынын аңғаруға болады. Басқа еңбектерде қалыңмалдың беріліп-берілмегендігі 3 рет сұралатындығы да айтылған.

Мұсылмандық құқық бойынша үйлену жайлы келісім молданың не қазының алдында орындалуы шарт емес, халық арасында құрметті қазы, имам немесе ғалымдардың құзырында өткізу дәстүрі кейіннен қалыптасқан. Кітаптарда неке рәсмін әділ хатшыға жаздырып, куәландыруы және кейде мұның «Аккадун-никах» деп аталғанын да көруге болады. Ата-анасы жоқ жастарды қазы үйлендіріп, бұл жайтты қазының өзі тіркеуге алады. Осы тұста қазыға жазбаша түрде өтініш білдіру сияқты құжаттандыру мәселесі бар. «Хукуку айле» қарарнамасының түсіндірмесінде тіркеудің шариғи тұрғыдан шарт еместігі, бірақ тарихи кезеңде келеңсіздіктер мен оқпылықтардың көбеюіне байланысты тіркеуге алу туралы шешім берілгені жазылған. Осман мемлекетінің соңғы жылдарында кодификацияланған «хукуку айле қарарнамасының» 37-бабында: «Келісім кезінде екі тараптың біреуінің тұрғылықты

жеріндегі басшы не оның орынбасары келісімді жүргізіп, тіркеуге алады» деп айтылған (Чекер, 2016: 30). Қазақтардың некені молдаға қидыруы Ислам мемлекеттеріндегі осы қолданыстағы талаптардан туындағаны көрінеді.

Қазақ құқығында неке қию рәсімі қыздың үйінде әрі шартты түрде имам немесе әйелдің алдында жүзеге асқанын көруге болады. Алайда тіркеуге алу мен құқықтық мәртебесі туралы айтылмаған. Мұның дін тұрғысынан орындалуы тиіс амал екенін жоғарыда айтып өткен болатынбыз. Ыбырай Алтынсарин өзінің мақаласында: «...Бұдан кейін неке қию рәсімі өткізіледі. Барлығы бір нәрсені ұмытқандай аптығып, қыздан екі куәгердің алдында сол еркекке тұрмысқа шығу жайлы разылығын сұрайды. Көбінесе олар үнсіздік танытады, олардың үнсіздік танытуы разылық бергені ретінде қабылданып некелерін қияды. Неке қию рәсімінен кейінгі күні қыз жақ, күйеу баланың туыстарына жасаған жасауларын көрсетеді. Бұл бұйымдар түйеге артылып, күйеу баланың үйіне қарай жол тартады. Келінге арнайы ат дайындалады» (Алтынсарин, 2006: 20-23), – деп көрсетеді. Қазақ арасында қалыптасқан дәстүр мен әдет-ғұрып заңдарына қарап, некенің мұсылмандық құқықта болмаса болмайды деп көрсетілген талаптары уәлилер (үлкендер) жағының араласуымен жасалып, діни неке рәсімін ең соңында той кезінде оның заңды әрі күшіне енетіндігін халыққа жариялау мақсатында жасағанын айтуға болады. Бұл дәстүр қазіргі қазақ жұртына дейін әсер етіп, той үстінде немесе одан кейін діни неке қию әдетке айналған. Тіптен мемлекеттік тіркеуден өтіп заңды ерлі-зайыпты болуды тіптен кейінге қалдыруы да осының салдары деп топшылаймыз.

### Қорытынды

Қазақтың әдет-ғұрып заңдарының ішкі мазмұнын терең зерттемеген адамдар мұсылмандық мәдениеттегі хитбаны құда түсумен салыстырып, құда түсу мен үлкендер жағынан атастыруды жай ғана сөз байласу есебінде қарайтыны байқалады. Дәстүрлі қазақ қоғамында жүзеге асқан заңдық күші бар баптарды терең зерттелген жағдайда оның шариғаттық нормаларға да, адамдық және құқықтық құндылықтар тұрғысынан да мәні мен маңызы жоғары екендігін білуге болды. Бүгінге дейін ұрын бару секілді дәстүрлерді мысалға келтіріп қазақ қоғамында некеге дейінгі қарым-қатынастың болғандығы туралы айтылып та, жазылып та келді. Бірақ, мына зерттеулерге қарасақ барлығы келісім-шарттан кейін

жүзеге асқан болып шығады. Неке келісім-шартына қатысты дәстүрлі қазақ қоғамына қатысты осы құда түсу немесе атастыру дәстүрін мұсылмандық отбасы құқығындағы уәлидердің келісім-шарт жасасуымен салыстыра зерттеу керек екендігін сезіледі. Сондай-ақ, қалың мал мен мұсылмандық нормалардағы мәһірді функциялық тұрғыдан салыстыра зерттеу де осы ізденістің жалғасы болады деп есептейміз. Қазіргі неке қарым-қатынастарын нығайту мен оның тұрақтылығын сақтауда ата-ана мен туыстардың ықпалын бағалау да аса маңызды. Неке келісім-шартының мүлкітік салмағы мен жауапкершілігінің болуы, себепсіз бұзған жағдайда белгілі деңгейде мүлкітік және заңды жауапкершіліктің болуы отбасы институтының дамуы мен тұрақтылығына зор септігін тигізеді деген қорытынды жасауға болады. Неке қарым-қатынасындағы қазіргі ажырасу деңгейін төмендету, отбасы ис-

титутын нығайту мақсатында дәстүрлі қоғамда қолданыста болған құқықтық әрекеттердің қазіргі сана мен қоғамға сай келетін заманауи бүгінгі баламасын қарастыру керек. Мұндай ізденістердің Батыс қоғамында қажеттілігі сезіліп те жа-тыр. Дін мен дәстүрдің неке қарым-қатынаста-рына көмекші рөл атқаратын қызметіне көбірек мән беру және осы бағыттағы зерттеулер қажет екендігін қаперге саламыз. Осы арқылы елдің демографиялық мәселесін шешудің демократия-лық құндылықтарға сүйенетін негіздерін айқындауға болар еді.

### АЛҒЫС

Бұл ғылыми-зерттеу жұмысын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант №BR24993035).

### Әдебиеттер

- Адилбаев М. (2005) “Шар Күшік ережесі”, (ред.) Зиманов С. Қазақтың ата заңдары, V т. – Алматы: Жеті жарғы. – 557.
- Ақбаев Ж. (2006) «Қазақтың неке құқықтары жөніндегі нобайлары», (ред.) С. Зиманов, Қазақтың ата заңдары, VII т. – Алматы: Жеті жарғы. – 571.
- Али Хайдар, Ефенді (1991) Дүрерүл-Хуккам фи мәжәлләтул-Ахкам. – Бәйрут: Дарул жил, II т. – 464.
- Алтынсарин Ы. (2012) Орынбор ведомствосы Қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі//Дәстүр. №2. Наурыз-сәуір. – 20-23.
- Арғынбаев А.Н. (1973) Қазақ халқындағы семья және неке. – Алматы: Ғылым баспасы. – 325.
- Арғынбаев Х.А. (1996) Қазақ отбасы: қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу, – Алматы: Ғылым баспасы, – 288.
- Арғынбаев, А.Н. (1980) «Семейни брачные отношения у Казаков в советскую эпоху», Актуальные проблемный историй советского Казахстана, – Алматы. –184.
- Әл-Бәһути, Әл-Ханбали Мансур б. Юнус (1997) Кәшшафул-Канна ан Матнил-Икна, – Бәйрут: Дарул Китабил Илмия, V т. – 1121.
- Әш-Ширбини, Шәмсуддин әл-Хатиб (1994) Мугнил-Мұхтаж. – Бейрут: Дарул китаб әл-илмия, VI т. – 600.
- Бәби, Т. (2009) «Абақ Керейдің заң-ережелері туралы», (ред.) С. Зиманов, Қазақтың ата заңдары. X т. – Алматы, – 584.
- Броневский С.В. (2006) «Материалы по Казахском обычному праву, соврани чиновниками Оренбургской пограничной Комиссий (1846)», Қазақтың ата заңдары, VII т. – Алматы: Жеті Жарғы баспасы. – 597.
- Броневский С.В. (2006) «О Законах Киргизов», Қазақтың ата заңдары, VII т., – Алматы: Жеті Жарғы баспасы. – 515.
- Бұрханиддин, Әбулмаали әл-Бұхари (2004) Мухит, – Бейрут: Дар әл-кутбул илмия, , III т. – 606.
- Дулатбеков, Н.О. (2009) «Қазақы билік айту дәстүрі», (ред.) С. Зиманов, Қазақтың ата заңдары, X т. – Алматы: Жеті жарғы. – 554
- Жүнісов С. (1971) Ақан сері. – Алматы: Жазушы баспасы. – 480.
- Загряжский Г. (2006) «Юридические Обычай Кыргыз», (ред.) С. Зиманов, Қазақтың ата заңдары. VII т. – Алматы: Жеті жарғы баспасы. – 481.
- Ибн Абидин (1992) Рәддул-Мұхтар, III том. – Бейрут: Дарул-фикр. – 851.
- Ибн Құдама, Әбу Мұхаммед Абдулла б. Ахмад әл-Макдиси (1968) Мугни ли Ибни Кудамә, – Каир: Мактабатул-Қаһира, IXX. – 508 .
- Лазаревский Ф. (2006) «Орынбор Ведмоствосы Қазақтарының үйлену салттары», С. Ажығали, Қазақтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, II том. – Алматы: Арыс баспасы. – 145-174.
- Левшин А.И. (2006) «Оброз Управления и Законаи Киргизов», Қазақтың ата заңдары, VII т. – Алматы: Жеті Жарғы баспасы. – 572.
- Маковецкий П. (1992) «Қазақтың заң орнына жүретін дәстүрлері жөніндегі жазбалар», Күйеу келтір қыз ұзат. – Алматы: Ана тілі баспасы. – 64 .
- Молдабеков Ж. (2009) «Қазақтың билік өнерінің мәні және құндылығы», (ред.) С. Зиманов, Қазақтың ата заңдары. X т. – Алматы: Жеті жарғы. – 584.

- Нур Али М. (2016) “Біріккен Араб Әмірлігіндегі заң мен мұсылмандық құқық”, Ажман журналы, I т. – 15.
- Нүсіпоқасұлы А., Жаппарұлы А. (2011) Ағаш бесіктен жер бесікке дейін, II т. – Алматы: Өнер баспасы. – 500.
- Оразбаева А.О. (2009) «Дәстүрлі қазақ қоғамына таң білер институтының өркениеттік ерекшеліктері», (ред.) С. Зиманов, Қазақтың ата заңдары. X т. – Алматы: Жеті жарғы баспасы. – 244-251.
- Өсер Н. (2005) «Тәуке хан және оның билік құрған кезеңі», (ред.) С. Зиманов, Қазақтың ата заңдары. IV т. – Алматы: Жеті жарғы баспасы. – 552 .
- Пален К.К. (2006) «Правовой пут Туземного наследие 1910 г.», Қазақтың ата заңдары, VII т. – Алматы: Жеті Жарғы баспасы. –597 .
- Саққұлақұлы Е. (2005) «Есім ханның ескі жолы», (ред.) С. Зиманов, Қазақтың ата заңдары, ішінде (360-382), IV т. – Алматы: Жеті жарғы. – 382.
- Сқақов А, Уәли Н, (2006) “Қарғыбай” Қазақ әдеби тілінің сөздігі, – Алматы: Арыс баспасы. – 752 .
- Төлеубаева Г. (2010) Қазақтар және Орталық Азия халқының отбасы, Отбасылық әдет-ғұрып, Салт-саналары», Жарияланбаған Докторлық жұмысы, ШВТТЕ.
- Чекер О. (2017) Хукуку айле карарнамеси. – Стамбұл: Мехир уакфы яйындлары. – 175.
- Яман, А., Чалыш, Х. (2015) Ислам құқығына кіріспе, В, 9, – Стамбұл: ИФАВ. – 308.

### References

- Al-Bahuti Al-Hanbali Mansur b. Junus (1997) Kashshaful-Kanna an Matnil-Ikna [Kashshaful-Kanna an Matnil-Ikna]. Vol. V. – Bajrut: Darul Kitabil Ilmija. – 464. (in Arabic)
- Ali Hajdar Efendi, (1991) Durerul-Hukkam fi mazhallatul-Ahkam [Durerul-Hukkam fi mazhallatul-Ahkam]. Vol. II. – Bajrut: Darul zhil. – 464. (in Arabic)
- Aqbaev Zh. (2006) «Qazaqtyng neke quqyqtary zhönindegі nobajлары», S. Zimanov, Qazaqtyng ata zangdary [Kazakh drafts on marriage rights]. VII. – Almaty: Zheti zhargy. – 571. (in Kazakh)
- Argynbaev A.N. (1973) Qazaq halqyndagy sem’ja zhane neke [Family and marriage among the Kazakh people]. – Almaty: Gylym baspasy. – 325. (in Kazakh)
- Argynbaev H.A., (1996) Qazaq otbasy: qazaq otbasynыng keshegisi men bugingisi zhajyndagy gylymi zertteu [Kazakh family: a scientific study of the past and present of the Kazakh family]. – Almaty: Gylym baspasy, – 288. (in Kazakh)
- Argynbaev, A.N. (1980) «Semejni brachnie otnoshenie u Kazakov v sovetskiju jepohu», Aktualnye problemy istorij sovetskogo Kazahstana [Family marriage relations among the Kazakhs in the Soviet era]. – Almaty: –184. (in Russian)
- Babi Toqtar (2009) «Абақ Кереждіng zang-erezheleri turaly», S. Zimanov, Qazaqtyng ata zangdary [About the laws and regulations of Abak Kerey]. Vol X. – Almaty: Zheti zhargy baspasy. – 510. (in Kazakh)
- Bronevskij S.V. (2006) «O Zakonah Kirgizov», Qazaqtyng ata zangdary [About the laws of the Kirghiz]. Vol. VII. – Almaty: Zheti Zhargy baspasy. – 500. (in Kazakh)
- Bronevskij, S.V. (2006) «Materialy po Kazahskom obychnomu pravu, sovrani chinovnikami Orenburgskoj pograničnoj Komissij (1846) », Qazaqtyng ata zangdary [Materials on Kazakh customary law, collected by officials of the Orenburg Border Commission (1846)]. Vol. VII. – Almaty: Zheti Zhargy baspasy. – 603. (in Russian)
- Burhaniddin Abulmaali al-Buhari (2004) Al-Muhit [Al-Muhit]. Vol. III. – Bejrut: Dar al-kutbul ilmija. – 645. (in Arabic)
- Cheker O. (2017) Hukuku айле kararnamesi [Civil family decree]. – Stambul: Mehіr uakfy jajyndлары. – 212. (in Turkish)
- Dulatbekov, N.O. (2009) «Qazaqy bilik ajtu dasturi», S. Zimanov, Qazaqtyng ata zangdary [Kazakh tradition of ruling]. Vol-ume X. – Almaty: Zheti zhargy. – 620. (in Kazakh)
- Ibn Abidin (1992) Raddul-Muhtar [Raddul-Mukhtar]. Vol. III. – Bejrut: Darul-fikr. – 700. (in Arabic)
- Ibn Kudama Abu Muhammed Abdulla b. Ahmad al-Makdisi (1968) Mugni li Ibni Kudama [Mugni li Ibni Kudama]. – Kair: Maktabatul-Qahira, IXX. – 1010 (in Arabic)
- Jaman, A., Halid, C. (2015) Islam quqygyna kirispe [Introduction to Islamic law]. Vol. 9. – Istanbul: IFAV. – 308. (in Turkish)
- Lazarevskij F. (2006) «Orynbor Vedmostvosy Qazaqtarynyng ujlenu saltary», S. Azhygali, Qazaqtyng dasturleri men adet-guryptary [Wedding customs of the Kazakhs of the Orenburg Vedmostvo, Kazakh traditions and customs]. – Almaty: Arys baspasy. Vol. II. – 145-174. (in Kazakh)
- Levshin A.I. (2006) «Obroz Upravlenija i Zakoni Kirgizov», Qazaqtyng ata zangdary [The Image of Management and Laws of the Kyrgyz]. Vol. VII. – Almaty: Zheti Zhargy baspasy. –490. (in Russian)
- Makoveckij P. (1992) «Qazaqtyng zang ornyna zhuretін dasturleri zhönindegі zhazbalar», Kujeu keltir qyz uzat [Notes on the traditions of the Kazakhs in the place of law]. – Almaty: Ana tili baspasy. – 289. (in Kazakh)
- Moldabekov Zh. (2009) «Qazaqtyng bilik önerining mani zhane qundylygy», S. Zimanov, Qazaqtyng ata zangdary [The essence and value of the Kazakh art of power]. Vol. X. – Almaty: Zheti zhargy. – 600. (in Kazakh)
- Nur Ali M. (2016) “Birikken Arab Amirligindegі zang men musylmandyq quqyq” [Law and Muslim right in the United Arab Emirates]. Azhman zhurnaly. Vol. I. – 15. (in Kazakh)
- Nusipoqasuly, A., Zhapparuly, A. (2011) Agash besikten zher besikke dejin [From the wooden cradle to the earth cradle]. Vol. II. – Almaty: Öner baspasy. – 345. (in Kazakh)
- Orazbaeva A.O., (2009) «Dasturli qazaq qogamyna tang biler institutynыng örkениettik ereksheликteri», S. Zimanov, Qazaqtyng ata zangdary [Civilizational features of the institution of biy, characteristic of traditional Kazakh society]. Vol. X. – Almaty: Zheti zhargy baspasy. – 244-251. (in Kazakh)

- Oser N., (2005) «Tauke han zhane onyng bilik qurgan kezengi», S. Zimanov, Qazaqtyng ata zangdary [Tauke Khan and the period of his rule]. Vol. IV. – Almaty: Zheti zhargy baspasy. – 552. (in Kazakh)
- Palen K.K. (2006) «Pravovoj put Tuzemnogo naslenie 1910 g.», Qazaqtyng ata zangdary [Legal path of the indigenous population in 1910]. 590-597, VII t. – Almaty: Zheti Zhargy baspasy. – 590-597. (in Russian)
- Poltoratskaja L.K. (2006) «Semej oblysy qazaqtarynyng adet-guryptary», Qazaqtyng dasturleri men adet-guryptary [Customs of the Kazakhs of the Semey region]. Vol. II. – Almaty: Arys baspasy. – 450. (in Kazakh)
- Saqqulaquly E. (2005) «Esim hannyng eski zholy», S. Zimanov, Qazaqtyng ata zangdary [Traditional Path of Essim Khan]. Vol. IV. – Almaty: Zheti zhargy. – 360-382. (in Kazakh)
- Shamsuddin al-Hatib Shirbini (1994) Mugnil-Muhtazh [Mugnil-Mukhtaj]. Vol. VI. – Beirut: Darul kitab al-ilmija. – 510. (in Arabic)
- Sqaqov A, Uali N. (2006) “Qargybau” Qazaq adebi tilining sözdigi [Dictionary of the Kazakh literary language «Qargybau»]. – Almaty: Arys baspasy. – 382. (in Kazakh)
- Teleubaeva G. (2010) Qazaqtar zhane Ortalyq Azija halqynyng otbasy, Otbasylyq adet-guryp, Salt-sanalary» [Family, family customs and traditions of Kazakhs and the peoples of Central Asia]. Zharijalanbagan Doktorlyq zhумыsy, ShVTEE. – 304. (in Kazakh)
- Zagrjazhskij G. (2006) «Juridicheskie Obychaj Kyrgyz», S. Zimanov, Qazaqtyng ata zangdary [Legal customs of the Kyrgyz]. Vol. VII. – Almaty: Zheti zhargy baspasy. – 481. (in Russian)
- Zhunisoв S. (1971) Aqan seri [Aqan seri]. – Almaty: Zhazushy baspasy. – 412. (in Kazakh)

**Авторлар туралы мәлімет:**

*Табарак Хамит – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Ислам ілімдері факультеті Дінтану кафедрасының докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: tabarhamit@gmail.com).*

*Шамшиадин Керім – филол. ғ. д., Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Ислам ілімдері факультеті Дінтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: kerim-1962@mail.ru).*

*Түсіпхан Имаммади (корреспондент автор) – PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Ислам ілімдері факультеті Дінтану кафедрасының доценті м.а. (Алматы, Қазақстан, e-mail: m.yusifhan@gmail.com).*

**Information about authors:**

*Tabarak Khamit – PhD student of the Department of Religious Studies of the Faculty of Islamic Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: tabarakhamit@gmail.com).*

*Shamshadin Kerim – Doctor of Philology, Professor of the Department of Religious Studies of the Faculty of Islamic Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kerim-1962@mail.ru).*

*Tussipkhan Imammadi (corresponding author) – PhD, Acting Associate Professor of the Department of Religious Studies of the Faculty of Islamic Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: m.yusifhan@gmail.com).*

**Сведения об авторах:**

*Табарак Хамит – PhD докторант кафедры религиоведения факультета исламских исследований Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: tabarakhamit@gmail.com).*

*Шамшиадин Керим – доктор филологических наук, профессор кафедры религиоведения факультета исламских исследований Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: kerim-1962@mail.ru).*

*Түсіпхан Имаммади (автор корреспондент) – PhD, и.о. доцент кафедры религиоведения факультета исламских исследований Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: m.yusifhan@gmail.com).*

*Тіркелді: 2.11.2023  
Қабылданды: 18.12.2024*